NAZARBAYEV UNIVERSITY

NAZARBAYEV UNIVERSITY

Жыл сайынғы есеп 2025



Мазмұны

1. Қысқаша мазмұндама 3
2. Президенттің жолдауы 6
3. Институционалдық шолу 7
Ұйымдық құрылым 7
Команда құрамы 8
Студенттер профилі 9
4. Негізгі жетістіктер 11
Академиялық көшбасшылық 11
Ғылыми көшбасшылық 16
Қоғамға ықпал 22
5. Мониторинг нәтижелері 31
Қаржылық мониторинг 31
Операциялық мониторинг 37
Тәуекелдер мен проблемалар 39
6. Негізгі тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу барысын бағалау 40
Нысаналы индикаторлар бойынша жиынтық ақпарат 40
Сапалық талдау 41
7. Болашақ жоспарлар мен ұсыныстар 43
Стратегиялық басымдықтар 43
Ресурстарға қажеттілік 44
Тәуекелдер мен күтпеген жағдайлар 45

Назарбаев Университеті
Жыл сайынғы есеп 2025[1]



Қысқаша мазмұндама

Пайым

Қазақстанға және әлемге олардың дамып, өркендеуіне қажетті ғалымдар мен мамандарды, жетекшілер мен кәсіпкерлерді дайындау.

Миссия

Қазақстанда жоғары білім мен ғылым жүйесінде реформалар жүргізу моделі болып, Астананың инновациялар мен білімнің халықаралық орталығы ретінде қалыптасуына үлес қосу және студенттерді тұрақсыздық, белгісіздік, кешендік және көпмәнділігі ұлғайған өмірге дайындау.

Стратегиялық мақсаттар

1. Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалаудағы көшбасшылық;
2. Академиялық көшбасшылық;
3. Ғылыми көшбасшылық;
4. Денсаулық сақтаудың интеграцияланған академиялық жүйесінің моделін құру;
5. Инновациялар және ғылымды өндіріске енгізу.

---

[1] 2025 жылғы есеп NU-дың 2018-2030 жылдарға арналған стратегиясы негізінде дайындалды, себебі 2026-2031 жылдарға арналған жаңа стратегия Жоғары қамқоршылық кеңестің бекіту кезеңінде тұр. Студенттер контингенті, түлектер және персонал бойынша статистикалық мәліметтер 2025 жылдың қыркүйек айына берілген.

2025 жылы Назарбаев Университеті (НУ) адам капиталын дамытуға, инновациялық экожүйені нығайтуға және елдің әлеуметтік-экономикалық жаңғыруына белсенді үлес қоса отырып, жаһандық деңгейде танылған зерттеу университетін қалыптастыру жөніндегі өзінің миссиясын дәйекті түрде жүзеге асыруды жалғастырды.

Негізгі жетістіктер:

Жыл университеттің институционалдық дамуы мен оның халықаралық деңгейде танылуындағы елеулі жетістіктермен ерекшеленді. Times Higher Education (THE) World University Rankings рейтингінде НУ 100 позицияға көтеріліп, 401-500 тобына кірді. Бұл жетістік университетке Орталық Азия университеттері арасында 1-орынды және ТМД елдерінің университеттері арасында 4-орынды иеленуге мүмкіндік берді, бұл университеттің өсіп келе жатқан академиялық ықпалы мен халықаралық беделінің көрсеткіші.

Ұлыбританияның Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету агенттігінің (QAA) беделді институционалдық аккредитациясын алу да маңызды жетістіктердің бірі болды, бұл университеттің академиялық стандарттарының, басқару жүйесінің және институционалдық сапасының жоғары деңгейін растайды. Бұл танылу университеттің оқыту мен оқудың жоғары стандарттарына, студенттік тәжірибе сапасына бейілділігін растап қана қоймай, оның халықаралық серіктестер, оқытушылар мен студенттер үшін беделі мен тартымдылығын арттырады.

Университеттің инновациялық экожүйесін дамытудағы маңызды қадам ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру, индустриямен ынтымақтастық және кәсіпкерлікті дамыту үшін интеграцияланған инфрақұрылымды қамтамасыз ететін Ғылыми парктің құрылысының басталуы болды. Сондай-ақ инновацияларды дамыту аясында НУ стартаптары жалпы сомасы 20 млн АҚШ долларынан астам инвестиция тартты, бұл Университетте жасалған технологиялардың нарықтағы сұранысқа ие екенін және масштабталу мүмкіндігін көрсетеді.

Университет ғылыми қызметті нығайтуды және өз зерттеушілерінің халықаралық деңгейде танылуын кеңейтуді жалғастырды. Университет 11 000-нан астам ғылыми жұмыс жариялады, ал НУ-дың 42 профессоры әлемдегі ең көп сілтеме жасалатын ғалымдардың 2%-ының қатарына енді. Бұл жетістіктер Университеттің әртүрлі пәндер бойынша ғылыми зерттеулерінің ауқымын, өнімділігін және халықаралық ықпалын айқындайды. Ғылыми инфрақұрылымды дамыту аясында Университет Биомедициналық зерттеулер орталығын ашты – бұл ұлттық басымдықтарға сәйкес НУ-дың қолданбалы және медициналық зерттеулер саласындағы әлеуетін айтарлықтай күшейтті.

НУ, сондай-ақ, SOAS University of London және Hong Kong University of Science and Technology (HKUST) университеттерімен бірлескен қос дипломды бағдарламаларды іске қосу арқылы халықаралық академиялық ынтымақтастық пен білім беру бағдарламаларын кеңейтті. Бұл интернационалдандыруға ықпал етеді және студенттерге әлемдік деңгейдегі білім беру ортасына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Өсіп келе жатқан академиялық және ғылыми қызметті қолдау үшін Университет студенттерді басқарудың жаңа ақпараттық жүйесін енгізуді бастады. Бұл академиялық әкімшілендіруді жаңғыртуға, деректер интеграциясын жақсартуға және студенттер мен оқытушылар үшін білім беру және әкімшілік процестердің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл жетістіктер НУ-дың халықаралық позицияларын нығайтудағы стратегиялық ілгерілеуін көрсетеді және оның Қазақстан мен өңірдегі жетекші зерттеу университеті ретіндегі рөлін растайды.





Институционалдық шолу

НУ құрылымы тиімді академиялық және корпоративтік құрылымдар арқылы басқарылатын Мектептерді, ғылыми орталықтарды және әкімшілік бөлімшелерді қамтиды. Университет академиялық еркіндікті, институционалдық дербестікті және есептілікті қамтамасыз ететін ерекше құқықтық әрі басқару моделі аясында жұмыс істейді. Университеттің интеграцияланған құрылымы оның халықаралық деңгейдегі зерттеу университеті ретіндегі миссиясын қолдайды және сапалы білім беруді, маңызды ғылыми зерттеулер жүргізуді және инновацияларды дамытуды қамтамасыз етеді.

Ұйымдық құрылым

1-сурет. Мектептер

CENTER FOR PREPARATORY STUDIES

GRADUATE SCHOOL OF EDUCATION

SCHOOL OF SCIENCES AND HUMANITIES

SCHOOL OF ENGINEERING AND DIGITAL SCIENCES

GRADUATE SCHOOL OF BUSINESS

GRADUATE SCHOOL OF PUBLIC POLICY

SCHOOL OF MINING AND GEOSCIENCES

SCHOOL OF MEDICINE

1-кесте. Ғылыми орталықтар

Ғылыми орталық	Зерттеу бағыттары
ӨМІР ТУРАЛЫ ҒЫЛЫМДАР ОРТАЛЫҒЫ	Биомедициналық зерттеулер
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ ЖАҢА МАТЕРИАЛДАР ОРТАЛЫҒЫ	Энергетикалық зерттеулер
АҚЫЛДЫ ЖҮЙЕЛЕР ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ИНСТИТУТЫ	ЖИ саласындағы пәнаралық зерттеулер
ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҒАРЫШ ЗЕРТХАНАСЫ	Ғарышты зерттеу
ОРТАЛЫҚ АЗИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ИННОВАЦИЯЛАРЫН ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ	Білім беру саясаты
SUSTAINABLE DEVELOPMENT SOLUTIONS NETWORK	Мемлекеттік саясат және тұрақты даму
НАЗАРБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ КӘСІПКЕРЛІК ОРТАЛЫҒЫ	Бизнес және кәсіпкерлік

Команда құрамы

Оқытушы-профессорлар құрамы және әкімшілік персонал

Университет қоғамдастығы Университеттің білім беру, зерттеу және операциялық қызметін қамтамасыз ететін оқытушы-профессорлар құрамының, әкімшілік және ғылыми персоналдың кең ауқымын біріктіреді.

Оқытушы-профессорлар құрамы (ОПҚ)

Жалпы саны: 517


2-кесте. ОПҚ-ның академиялық позициялар бойынша бөлінуі

Позиция	Саны
Профессор	55
Қауымдастырылған Профессор	127
Ассистент Профессор	152
Нұсқаушы	109
Оқытушы	50
Постдокторант	21
Басқалары	3

2-сурет. ОПҚ-ның гендерлік белгісі бойынша бөлінуі



3-сурет. ОПҚ-ның азаматтығы (елі) бойынша бөлінуі



Әкімшілік және ғылыми персонал

5-кесте. Әкімшілік және ғылыми персонал

Санаты	Саны
Әкімшілік персонал	647
Ғылыми персонал және оқытушы ассистенттері	76

6-кесте. ОПҚ-ның жынысы мен азаматтығы бойынша бөлінуі

Санаты	Жалпы саны	Әйелдер	Шетелдіктер
Әкімшілік персонал	647	413 (63.8%)	26 (4%)
Ғылыми персонал және оқытушы ассистенттері	76	37 (48.7%)	3 (3,9%)
Барлығы (оқытушы-профессорлар құрамын есептемегенде)	723	450 (62.2%)	29 (4%)


Студенттер профилі

Білім алушылардың жалпы контингенті Жалпы саны: 7,931


7-кесте. Студенттердің оқу деңгейлері бойынша бөлінуі

Оқу деңгейі	Саны	Үлесі
Бакалавриат	5216	65.8%
Жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар	2046	25.8%
NU Foundation Year Program (NUFYP)	669	8.4%

4-сурет. Оқу деңгейлері бойынша қабылданған студенттер



5-сурет. Студенттер құрамының гендерлік белгісі бойынша бөлінуі




Шетелдік студенттер

8-кесте. Шетелдік студенттердің үлесі

Санаты	Студенттер	Үлесі
Шетелдік студенттер	326	4.1%
Қазақстан Азаматтары	7,605	95.9%






Академиялық көшбасшылық

Академиялық көшбасшылық саласындағы жетістіктер НУ-дың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және өздерінің академиялық әрі кәсіби әлеуетін толық іске асыруға қабілетті, ұлттық және жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті түлектерді даярлауға бағытталған жоғары сапалы білім берудегі тұрақты ілгерілеуін көрсетеді.

Студенттер контингенті және салыстырмалы талдау

2025 жылдың қыркүйегінде НУ студенттерінің жалпы саны 7 931 адамға жетті. Бұған мыналар кіреді: 5216 бакалавриат студенті, 2046 жоғары оқу орнынан кейінгі бағдарламалар студенті, 669 дайындық бағдарламасының студенті.

6-сурет. Оқу деңгейлері бойынша қабылданған студенттер



Студенттердің ең көп үлесі Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінде (36,2%) және Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінде (35,4%) білім алады, бұл екі мектеп жиынтығында Университет студенттері жалпы санының 71%-дан астамын құрайды. Студенттердің қалған мектептер арасында бөлінуі Университеттің STEM-пәндеріне басымдық беретінін, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдар, мемлекеттік саясат, білім беру және бизнес салаларындағы бағдарламалардың қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді, соның ішінде: Медицина мектебі (8,3%), Тау-кен ісі және Жер туралы ғылымдар мектебі (3,9%), Жоғары білім беру мектебі (2,9%), Жоғары мемлекеттік саясат мектебі (2,9%) және Жоғары бизнес мектебі (1,9%).

9-кесте. Студенттер контингентінің мектептер бойынша бөлінуі

Мектеп	Студенттер	Үлесі (%)
Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебі	2820	35,6
Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебі	2779	35
Медицина мектебі	764	9,6
Тау-кен ісі және Жер туралы ғылымдар мектебі	324	4,1
Жоғары білім беру мектебі	205	2,6
Жоғары мемлекеттік саясат мектебі	195	2,5
Жоғары бизнес мектебі	175	2,2

Жаңа білім беру бағдарламалары және қос диплом бағдарламалары

НУ білім беру бағдарламаларын әртараптандыруды жалғастырып, екі жаңа бағдарламаны іске қосты: Жоғары бизнес мектебінде Іскерлік әкімшілендіру бакалавры және Тау-кен ісі және Жер туралы ғылымдар мектебінде Жер туралы ғылымдар магистрі. Сонымен қатар, әлемнің жетекші университеттерімен серіктестікті кеңейту стратегиясы аясында НУ 2026 жылы іске қосылуы жоспарланған екі қос диплом бағдарламасын әзірлеп, бекітті. Олар:

- **Еуразиялық бизнес саласындағы іскерлік әкімшілендіру бакалавриаты** – бұл бакалавриат бағдарламасы Hong Kong University of Science and Technology (HKUST) және НУ-мен бірлесіп жүзеге асырылады. Студенттер оқудың алғашқы екі жылын НУ-да, ал соңғы екі жылын HKUST-та өткізеді, нәтижесінде екі университеттің де дипломын алып, екі кампуста оқу тәжірибесіне ие болады.
- **Жаһандық қатынастар және еуразиялық зерттеулер магистрі** – НУ мен SOAS University of London-ның бірлескен магистрлік бағдарламасы. Ол дипломатия мен қауіпсіздіктен бастап экология, энергетика және мәдениетке дейінгі жаһандық және өңірлік процестердің өзара әрекеттесуін зерттеуге арналған. Бағдарлама студенттердің сыни ойлауын дамытуға және дезинформация жағдайында бағдар таба білуге бағытталған. Оқу SOAS-та басталып, Орталық Азия мен Кавказ бойынша негізгі модульді қамтиды, содан кейін студенттер НУ-дың Саясаттану және халықаралық қатынастар кафедрасында оқуын жалғастырады.

Халықаралық рейтингтер

2025 жылы НУ жетекші халықаралық университет рейтингтеріндегі позициясын нығайтуды жалғастырды. 2025 жылғы қазанда НУ Times Higher Education World University Rankings рейтингінде 100 позицияға көтеріліп, 401-500 тобына кірді. Осы беделді рейтингтердің барлығында НУ Орталық Азия және Кавказ өңірінің жетекші университеті болып қала береді.

Сондай-ақ НУ университеттерді тек ғылыми нәтижелілігі мен ғылыми ықпалы бойынша бағалайтын Leiden University Ranking 2025 рейтингінде Қазақстан мен Орталық Азияның үздік университеті ретіндегі орнын сақтап қалды. Leiden рейтингінің Биомедицина және денсаулық сақтау пәндік саласы бойынша Open Edition нұсқасында НУ әлемдегі Cornell University, King's College London, University College London және University of California, Davis сияқты жетекші оқу орындарымен қатар 39-44 позициясын иеленді. Бұл рейтинг әлемдегі ең көп сілтеме жасалатын үздік 10% жарияланымдар үлесіне негізделген. Университет Leiden Ranking Traditional Edition бойынша да сенімді нәтижелер көрсетті: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар бойынша әлемде 199-орынды, ал математика және компьютерлік ғылымдар бойынша 483-орынды иеленді.

НУ 2025 жылғы Shanghai Global Ranking of Academic Subjects (GRAS) рейтингінде де өз көрсеткіштерін жақсартты. Университет үш пән бойынша тарихтағы ең үздік нәтижелерін көрсетті:

- Құрылыс инженериясы – 301-400 тобы (алғаш рет);
- Телекоммуникациялық инженерия – 301-400 тобы;
- Білім беру – 401-500 тобы (алғаш рет).

Осы үш пән бойынша НУ GRAS рейтингіне енген Орталық Азиядағы жалғыз университет болып табылады. Рейтинг пәндік салалар бойынша көшбасшылықты әлемдік деңгейдегі оқытушы-профессорлар құрамы, жоғары сілтеме жасалатын зерттеулер көлемі, зерттеу сапасы, ғылыми ықпал және халықаралық ынтымақтастық негізінде бағалайды.
НУ-дың жетекші әлемдік рейтингтердегі тұрақты қатысуы мен позицияларының жақсаруы Университеттің әлемдік деңгейдегі зерттеулерді дамытуға және ұлттық, сондай-ақ жаһандық деңгейдегі ғылыми, технологиялық және білім беру саласындағы ілгерілеуге үлес қосуға бағытталған ұзақ мерзімді стратегиялық бейілділігін көрсетеді.

Аккредиттеу бойынша жетістіктер

2025 жылы НУ академиялық сапа мен жаһандық бәсекеге қабілеттілікті нығайту жөніндегі ұзақ мерзімді стратегия аясында институционалдық және бағдарламалық аккредиттеуде оң ілгерілеушілікке қол жеткізді. Аккредиттеу Университеттің басқару жүйесінің, білім беру және зерттеу қызметінің халықаралық деңгейде танылған стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз етудің негізгі механизмі болып қала береді.

2025 жылдың басты жетістіктерінің бірі Ұлыбританияның Жоғары білім сапасын қамтамасыз ету агенттігі (Quality Assurance Agency for Higher Education - QAA) жүргізген кешенді халықаралық сапаны бағалау (International Quality Review) қорытындысы бойынша институционалдық аккредитацияға ие болу еді. Бұл аккредитация НУ-дың жоғары білім беру саласындағы сапа мен басқарудың ең жоғары халықаралық стандарттарына сәйкес келетінін растайды. Институционалдық аккредитацияның қолданылу мерзімі – бес жыл.

Білім беру бағдарламалары деңгейінде тағы төрт бағдарлама халықаралық танымал аккредиттеу ұйымдарының аккредитациясын алды. 2025 жылғы желтоқсанда «Қоғамдық денсаулық сақтау магистратурасы» бағдарламасы Agency for Public Health Education Accreditation (APHEA) тарапынан алты жыл мерзімге аккредиттелді, бұл оның қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы халықаралық деңгейде танылған білім беру стандарттарына сәйкестігін айғақтайды. Сонымен қатар, Жоғары білім беру мектебінің үш бағдарламасы («Көптілді білім беру магистратурасы», «Білім берудегі көшбасшылық магистратурасы», «Білім беру саласындағы PhD») Quality Assurance Agency for Higher Education агенттігінен халықаралық бағдарламалық аккредитация алды.

7-сурет. НУ-дың академиялық бағдарламаларының халықаралық аккредитациясы

2019	European Association for Public Administration Accreditation EAPAA ACCREDITED www.eapaa.org	Master in Public Policy and Master in Public Administration	2024	ECAQA Eurasian Centre for Accreditation and Quality Assurance in Higher Education and Health Care	Doctor of Medicine
2023	NASPAA The Global Standard in Public Service Education		2025	APHEA AGENCY FOR PUBLIC HEALTH EDUCATION ACCREDITATION	Master of Public Health
2020	Course Accredited by BALEAP The global forum for EAP professionals	English for Academic Purposes: Modules FEAP 010 and 020 (re-accredited in 2024)	2025	QAA	MA in Multilingual Education MSc in Educational Leadership PhD in Education
2023	ASSOCIATION OF MBAS BUSINESS GRADUATES ASSOCIATION	Full-Time MBA and Executive MBA			


Түлектердің жетістіктері

НУ түлектері жұмысқа орналасу және оқуын жалғастыру бойынша жоғары көрсеткіштер көрсетуді жалғастыруда, бұл Университеттің білім беру бағдарламаларының өзектілігі мен сапасын айқындайды. НУ түлектерінің көпшілігі оқуын бітіргеннен кейін қысқа мерзім ішінде өнеркәсіп, мемлекеттік сектор, ғылыми және халықаралық ұйымдарды қоса алғанда, әртүрлі салаларда жұмыс табады. Түлектердің едәуір бөлігі әлемнің жетекші университеттерінде магистратура және докторантура бағдарламалары бойынша оқуын жалғастыруда. Бұл нәтижелер Университеттің Қазақстан мен одан тыс жерлерде экономикалық дамуға, инновацияларға және ғылымның ілгерілеуіне үлес қосатын жоғары білікті мамандарды даярлаудағы табыстылығын растайды.

2025 жылы 1 700 студент НУ-дағы оқуын аяқтады, оның ішінде: 1 082 бакалавр, 512 магистрант, 64 PhD, 27 медицина докторы бағдарламасының түлегі және 15 резидентура түлегі бар. Осылайша, Университет түлектерінің жалпы саны 12 039 адамға жетті.



8-сурет. Оқу деңгейлері бойынша берілген дәрежелер



Бакалавриат түлектерінің жартысынан астамы (524 адам) Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебін бітірді, одан кейін 469 түлегі бар Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебі тұр. Магистратураның 512 түлегінің ішінде ең көп үлесі (153 адам) Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебіне тиесілі. Жоғары бизнес, білім беру және мемлекеттік саясат мектептері түлектердің шамалас санымен (тиісінше 74, 78 және 72) ұсынылды, ал магистратураның қалған түлектері Медицина мектебін, Тау-кен ісі және Жер туралы ғылымдар мектебін, сондай-ақ Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебін бітірді.

PhD түлектерінің басым бөлігі (92 адам) Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебін тәмамдады. Саны бойынша екінші топ Жоғары білім беру мектебінің түлектері (57 адам) болды. Қалған PhD түлектері Жоғары мемлекеттік саясат мектебінен (23), Жаратылыстану, әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар мектебінен (21), Тау-кен ісі және Жер туралы ғылымдар мектебінен (6) және Медицина мектебінен (5) шықты (5).

2025 жылы НУ-дың 12 039 түлегінің 94,16%-ы кәсіби белсенді болды, бұл Университет түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейінің жоғары екенін көрсетеді. Басым көпшілігі – шамамен 90%-ы – Қазақстанда жұмыс істеп, инженерия және технологиялар, мемлекеттік басқару, білім беру, денсаулық сақтау, қаржы, консалтинг, ғылыми зерттеулер мен кәсіпкерлікті қоса алғанда, салалардың кең ауқымында елдің дамуына үлес қосуда. Көптеген НУ түлектері инновацияларды дамытуға, институционалдық дамуға және экономиканы әртараптандыруға бағытталған бастамаларға қатысады. Түлектердің негізгі салалар мен мемлекеттік институттардағы өсіп келе жатқан қатысуы Университеттің жоғары білікті кадрларды қалыптастырудағы және Қазақстанды білім экономикасына ілгерілетудегі үлесін айқындайды.

9-сурет. Түлектердің жұмысқа орналасуы



Advance HE тарапынан оқытушылардың танылуы

Есепті кезеңде Университет оқытушылары Advance HE ұйымынан халықаралық кәсіби танымалдылыққа ие болды. Барлығы он екі оқытушы Advance HE сертификатына ие болса, оның ішінде он оқытушы Senior Fellow деңгейін, ал екеуі Fellow деңгейін алды. Бұл атақтар оқыту мен оқуды қолдауда тұрақты тиімділік көрсеткен, жоғары білім беру саласында көшбасшылық танытқан және студенттердің оқу сапасын арттыруға бейілді мамандарға беріледі. Бұл жетістік Университеттің оқытудағы озықтыққа және жоғары білімнің халықаралық стандарттарына сәйкестікке деген мызғымас ұмтылысын көрсетеді.


Ғылыми көшбасшылық

Университет Қазақстан мен Орталық Азиядағы жетекші зерттеу университеті ретінде өз орнын нығайта отырып, зерттеу өнімділігі мен сапасын арттыруды жалғастырды. Ғылыми инфрақұрылымға жүйелі инвестиция салу, оқытушы-профессорлар құрамын қолдау және халықаралық ынтымақтастықты кеңейту арқылы Университет жоғары ғылыми ықпалы бар зерттеулер жүргізуге қолайлы орта қалыптастырды. НУ ғылыми жарияланымдардың тұрақты өсімін, халықаралық ғылыми қоғамдастықта танылу деңгейінің артуын және өңірлік әрі жаһандық сын-қатерлерді шешуге қосатын үлесінің ұлғаюын көрсетті.

Жарияланымдық белсенділік

Университет ғылыми озықтыққа ұмтылады және зерттеу нәтижелерінің Қазақстан мен Орталық Азияның әлеуметтік-экономикалық дамуына маңызды үлес қосуын мақсат тұтады. 2011 жылдан бастап НУ Scopus дерекқорында индекстелетін 11 317 рецензияланатын ғылыми еңбек жариялады.

10-сурет. Жарияланымдар саны: Назарбаев Университеті және Қазақстанның басқа жоғары оқу орындары



[2] 2025 жылғы Scopus деректері алдын ала берілген және 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жаңартылатын болады.

НУ жоғары рейтингті ғылыми басылымдардағы жарияланымдық белсенділіктің тұрақты оң динамикасын көрсетіп отыр. Бұл Университеттің Scopus дерекқоры бойынша ең беделді ғылыми журналдардың алғашқы 25%-ына кіретін бірінші квартильдегі (Q1) журналдарда жариялаған еңбектерімен расталады. НУ Q1 журналдарында барлығы 5 432 мақала жариялады (2026 жылғы 3 ақпандағы жағдай бойынша). Айта кетерлігі, бұл көлем 2011 мен 2025 жылдар аралығында қазақстандық ұйымдар жариялаған барлық Q1 деңгейіндегі ғылыми еңбектердің (ел бойынша барлығы 18 521 жарияланым шыққан) 29,3%-ын құрайды. Бұл жетістік Қазақстандағы озық ғылыми зерттеулердің сапасы мен көлемін арттырудағы НУ-дың шешуші рөлін айқындайды.


11-сурет. Q1 жарияланымдары: Назарбаев Университеті және Қазақстанның жоғары оқу орындары



Университет іргелі және қолданбалы зерттеу бағыттарын қамти отырып, Қазақстанның ұлттық даму басымдықтарын негізге алады және келесі негізгі ғылыми салаларға назар аударады:

- әлеуметтік-экономикалық трансформация;
- жасанды интеллект;
- денсаулық және салауаттылық;
- жаңа материалдар мен технологиялар;
- энергетика және қоршаған орта.


12-сурет. Бағыттар бойынша ғылыми жарияланымдар



Университеттің пәндік сала бойынша нормаланған орташа сілтеме жасалу көрсеткіші (Field-Weighted Citation Impact, FWCI) 2,26-ға жетті (2026 жылғы 3 ақпандағы жағдай бойынша), бұл Қазақстандағы барлық ұйымдар арасындағы ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Ғылыми ықпалдың бұл көрсеткіші Азия мен Орталық Азия өңіріндегі бірқатар жетекші университеттерден де жоғары. Бұл Университет зерттеулерінің ғылыми ықпалы мен оларға сілтеме жасалу деңгейінің жоғары екенін дәлелдейді.

13-суретте 2021-2025 жылдардағы жарияланымдардың пәндік салалар бойынша бөлінуі және тиісті FWCI мәндері көрсетілген. Бұл көрсеткіш белгілі бір ғылыми саладағы жарияланымдардың әлемдік орташа деңгеймен салыстырғанда қаншалықты жиі сілтеме жасалатынын көрсетеді: мұнда 1-ден жоғары мән сілтеме жасалу деңгейінің әлемдік орташа көрсеткіштен жоғары екенін білдіреді. Көптеген пәндік салалар бойынша НУ-дың FWCI көрсеткіші 1-ден асады, бұл сілтеме жасалу жиілігінің әлемдік деңгейден жоғары екенін айғақтайды.

13-сурет. Пәндер бойынша жарияланымдық белсенділік және ғылыми ықпал



FWCI-дің ең жоғары мәндері медицина, биохимия, генетика және молекулалық биология салаларында байқалады, бұл әлемдік үрдістерге сәйкес келеді, өйткені бұл пәндер, әдетте, ең жоғары сілтеме жасау қарқындылығымен сипатталады. FWCI-дің 1-ден жоғары мәндері гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында да тіркелді, бұл Университеттің осы салаларда да сілтеме жасалу деңгейі жоғары зерттеулер жүргізу қабілетін көрсетеді. Сонымен қатар, инженерия, экология, Жер туралы ғылымдар және компьютерлік ғылымдарда FWCI-дің салыстырмалы түрде жоғары мәндері байқалады. Бұл құрылым Университеттің ғылыми даму мен халықаралық ынтымақтастық үшін жоғары әлеуеті бар ғылыми бағыттарға стратегиялық бағдарланғанын айқындайды.

Қазақстанның H-индексі ұлттық рейтингі

Назарбаев Университеті 2025 жылдың екінші жартыжылдығындағы Қазақстанның H-индексі жаңартылған ұлттық рейтингінде елдің жоғары оқу орындары арасында бірінші орынды иеленді. H-индексі ұлттық рейтингі Қазақстандағы жекелеген зерттеушілердің, зерттеу топтары мен ұйымдарының ғылыми өнімділігін өлшеуге бағытталған тәуелсіз халықаралық бағалау болып табылады. Бағалау шоғырландырылған Хирш индексі (H-index) негізінде жүргізіледі.

14-сурет. H-индекс көрсеткіші бойынша Қазақстанның үздік 10 университеті


Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атауы	ТОП-10 ішіндегі орны	Ұлттық H-индекс	H-индекс (Scopus)	H-индекс (WoS)	H-индекс (Google Scholar)
Назарбаев Университеті	1	127	128	116	272
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті	2	86	95	89	145
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті	3	78	80	80	146
Сәтбаев Университеті	4	56	70	42	112
С.Д. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті	5	55	64	60	80
ҚБТУ	6	39	49	43	49
КИМЭП Университеті	7	36	45	36	53
Назарбаев Университетінің Медицина мектебі	8	32	54	6	70
Сүлейман Демирел Университеті, Қаскелең	9	29	33	36	36
Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті	10	27	38	22	41

Рейтинг Scopus, Web of Science және Google Scholar сияқты жетекші ғылыми-метрикалық дерекқорлар мен платформалардың мәліметтерін пайдалана отырып, Қазақстанның ғылыми ұйымдарының жиынтық H-индексін есепке алады. H-индексінің ұлттық рейтингі (NHR) жиналған деректерді талдайды, шоғырландырылған көрсеткішті есептейді және ұйымдарға тиісті орындарды береді. Бұл ұйымдардың ғылыми үлесі мен өнімділігін объективті бағалауға мүмкіндік береді.

Студенттердің ғылыми зерттеулерге тартылуы


2025 жылы Университеттің барлық ғылыми еңбектерінің шамамен үштен бірі Назарбаев Университеті студенттерімен бірлескен авторлықта жарияланды (Scopus деректері бойынша 2025 жылғы 25 қарашадағы жағдай). Бұл жарияланымдардың 77,9%-ы бірінші квартильдегі (Q1, CiteScore көрсеткіші бойынша үздік 25%) журналдарда жарық көрді, бұл студенттердің қатысуымен жүргізілген зерттеулердің жоғары сапасын көрсетеді. Тағы 14,8% мақала екінші квартильдегі (Q2, CiteScore көрсеткіші бойынша үздік 26-50%) журналдарда жарияланды, бұл да айтарлықтай жетістік болып табылады.

15-сурет. Студенттердің қатысуымен шыққан жарияланымдардың квартильдер бойынша бөлінуі




Студенттердің ғылыми жарияланымдарға қатысуын талдау көрсеткендей, академиялық карьерасының бастапқы кезеңіндегі авторлардың ең көп үлесін (42,6%) PhD докторанттары құрады. Келесі айтарлықтай топты магистранттар (32,1%), ал одан кейін негізінен төртінші курста оқитын бакалавриат студенттері (19,5%) құрайды. Бұл үрдіс оқудың қорытынды кезеңдерін – атап айтқанда, магистратураның екінші жылын, докторантураның төртінші және одан кейінгі оқу жылдарын, сондай-ақ бакалавриаттың төртінші жылын көрсетеді. Дәл осы кезеңдерде студенттер өздерінің дипломдық жұмыстарын, диссертациялары мен жобаларын дайындап, қорғайды.

16-сурет. Автор-студенттердің оқу деңгейлері бойынша бөлінуі



17-сурет. Автор-студенттердің Мектептер мен оқу деңгейлері бойынша бөлінуі




Халықаралық ынтымақтастық

Халықаралық ынтымақтастық ғылыми ортада жарияланымдардың жоғары сілтеме жасалу деңгейі мен ғылыми ықпалын арттыратын негізгі факторлардың бірі ретінде танылған. 2025 жылы НУ-дың халықаралық ынтымақтастық үлесі 61,2%-ды құрады, бұл Университетті University of Cambridge және National University of Singapore сияқты жаһандық ықпалдастыққа белсенді бағытталған оқу орындарымен бір қатарға қояды.

Бұл көрсеткіш Университеттің халықаралық зерттеу желілері мен серіктестіктерді дамытудағы күш-жігерін айқындайды. Халықаралық авторлық бірлестікте дайындалған жарияланымдардың FWCI көрсеткіші 2,93-ті құрайды. Бұл мұндай еңбектерге ұқсас зерттеулердің әлемдік орташа деңгейімен салыстырғанда үш есе жиі сілтеме жасалатынын білдіреді. Аталған көрсеткіш бірлескен зерттеулердің жоғары деңгейде танылғанын және ғылыми ықпалын дәлелдей отырып, Университеттің халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамыту стратегиясының табыстылығын растайды.

18-сурет. Халықаралық ынтымақтастық және ғылыми ықпал (FWCI): Назарбаев Университетінің бенчмаркингі



19-суретте Еуропамен (2 000-нан астам бірлескен жарияланым) және Азия-Тынық мұхиты аймағымен (3 000-нан астам бірлескен жарияланым) ерекше белсенді ынтымақтастық көрсетілген, бұл өңірлердің әрқайсысынан 1 000-нан астам ұйым қатысады. Бірлескен жарияланымдардың айтарлықтай үлесі Солтүстік Америкаға (571 ұйым және 1 066 бірлескен жарияланым), сондай-ақ Таяу Шығысқа (398 ұйым және 1 000-ға жуық жарияланым) тиесілі.

19-сурет. Назарбаев Университетінің жаһандық ғылыми ынтымақтастық желісі



Халықаралық танымалдылықтың артуы

2025 жылы Назарбаев Университеті жаһандық ғылыми ықпалдың айтарлықтай өскенін көрсетті. Әлемдегі ең көп сілтеме жасалатын ғалымдардың 2%-ы кіретін жыл сайынғы халықаралық рейтингке НУ-дың 42 зерттеушісі енді, бұл өткен жылмен салыстырғанда 10%-ға артық. Бұл рейтингті Стэнфорд университеті Scopus библиометриялық деректері негізінде жасайды.

Жаңа материалдар және энергетикалық технологиялар институтын (INMET) құру

2025 жылғы қазанда Назарбаев Университеті мен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық ғылым академиясы Жаңа материалдар және энергетикалық технологиялар институтын (INMET) құру туралы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Бұл бастама елдің энергетика, материалтану және технологиялық инновациялар саласындағы ғылыми әлеуетін нығайтуға бағытталған.


Назарбаев Университеті базасында орналасатын және Ұлттық ғылым академиясы басқаратын жаңа институт энергетикалық көшуге байланысты озық жобаларды іске асыру үшін жетекші ғалымдар мен зерттеу топтарының басын біріктіреді. Қызметтің басым бағыттарына энергетикалық жүйелер, энергетикалық инфрақұрылымды цифрландыру, энергия сақтау технологиялары, Қазақстанның 2060 жылға қарай көміртекті бейтараптыққа қол жеткізуіне бағытталған жобаларды ғылыми-сараптамалық сүйемелдеу кіреді. INMET, сондай-ақ, ITER, EuroFusion және басқа да жаһандық зерттеу платформаларын қоса алғанда, халықаралық бастамалармен ынтымақтастық бойынша ұлттық үйлестіруші қызметін атқарады.

Институттың құрылуы Қазақстан Республикасы Президенті белгілеген стратегиялық басымдықтарға, соның ішінде БҰҰ-ның Тұрақты энергетика жөніндегі өңірлік орталығын құру бастамасына сәйкес келеді. Жобаның бастамашысы — Назарбаев Университетінің профессоры, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі Жұмабай Бәкенов.

INMET-тің құрылуы Қазақстанның ұлттық инновациялық экожүйесін нығайтуға, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейтуге және елдің тұрақты энергетикалық даму саласындағы басымдықтарын ілгерілетуге бағытталған стратегиялық қадам болып табылады.

Қоғамға ықпал

НУ инновациялар, мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу, әлеуетті дамыту және жаһандық даму күн тәртібін іске асыруға үлес қосу арқылы Қазақстанның ұлттық дамуын қолдауда белсенді рөл атқаруды жалғастырды. Өзінің академиялық және сараптамалық әлеуетін пайдалана отырып, Университет деректер мен зерттеулерге негізделген саясатты әзірлеуді ілгерілету, институционалдық әлеуетті нығайту және тұрақты даму басымдықтарын алға жылжыту мақсатында мемлекеттік органдармен, университеттермен, мектептермен, индустриямен және басқа да стейкхолдерлермен тығыз жұмыс істеді.



Инновациялар

НУ ғылыми зерттеулерді коммерцияландыруды дамыту, кәсіпкерлікті қолдау және инновациялық инфрақұрылымды кеңейту арқылы өзінің инновациялық экожүйесін нығайтуды жалғастырды. Университет ғылыми зерттеулердің нәтижелерін денсаулық сақтау, технологиялар, білім беру және тұрақты даму саласындағы ұлттық басым міндеттерді шешуге бағытталған практикалық шешімдерге енгізді.

Oylan мультимодалды моделі – елдегі алғашқы тілдік-аудио-визуалды модель

Ақылды жүйелер және жасанды интеллект институты (ISSAI) жасанды интеллект саласында айтарлықтай серпіліске қол жеткізіп, меншікті Oylan мультимодалды моделін әзірледі. Бұл – Қазақстандағы мәтінді, аудионы және кескіндерді өңдеуге қабілетті алғашқы генеративті AI-сервис. Модель үш тілде – қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жұмыс істейді, бұл қолданудың кең мүмкіндіктерін ашады және Қазақстанда цифрлық шешімдерді дамыту үшін үлкен потенциал қалыптастырады.

Модельді оқыту үшін ISSAI командасы Қазақстан тарихындағы ең ірі мамандандырылған датасетті әзірледі, оған 10 миллионнан астам кескін және 50 миллион «сұрақ-жауап» жұбы кіреді. Датасет елдің тілдік, мәдени және әлеуметтік-экономикалық контекстін ескере отырып мұқият бейімделген, бұл Oylan моделін ұлттық міндеттерді шешуде және жергілікті AI-шешімдерді әзірлеуде ерекше өзекті етеді.

Oylan білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп, қаржы және мемлекеттік секторды қоса алғанда, көптеген салалардың қолданыла алады.

«Қазақстанда жасалған» алғашқы микрочип

Есепті жылы Назарбаев Университетінің ғалымдары маңызды технологиялық белесті бағындырды – алғашқы отандық микрочип сәтті әзірленіп, өндіріске дайындалды. Бұл жетістік Қазақстанның ұлттық жартылай өткізгіш индустриясын дамытудағы маңызды қадам болды және елдің технологиялық егемендігін нығайтуға септігін тигізеді.
Жобаны Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің (SEDS) зерттеушілері Қытай ғылым академиясының университетімен және Beijing Open Source Chip Institute-мен бірлесіп халықаралық «One Student – One Chip» бағдарламасы аясында жүзеге асырды. Сондай-ақ, QazInnovation грантымен қолдау тапқан қазақстандық TEXER.AI стартапы жобаға айтарлықтай үлес қосты, бұл ұлттық инновациялық экожүйе рөлінің артып келе жатқанын көрсетеді.
«Designed in Kazakhstan» белгісімен шыққан алғашқы микрочиптің жасалуы – елдің озық технологиялар саласындағы әлеуетін паш ететін айтулы жетістік. Бұл ғылыми зерттеулер, білім беру бағдарламалары, өнеркәсіптік ынтымақтастық және микроэлектроника саласындағы ұлттық құзыреттілікті дамыту үшін жаңа мүмкіндіктер ашады.

Ғылыми зерттеулерді коммерцияландыру және жобаларды қаржыландыру

2025 жылғы 24 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия үш ғылыми-техникалық тапсырманы бекітіп, 2026-2028 жылдарға арналған бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруға конкурстық іріктеу дайындығын бастады. Жалпы қаржыландыру көлемі 4,55 млрд теңгені құрайды. Бекітілген бастамаларға мыналар кіреді:

- Катодтық материалдар прекурсорын пилоттық өндіру (литий-ионды батареяларға арналған материалдар);
- Қазақстанда көмірсутекті наноматериалдардың инновациялық өндірісін құру (көміртекті нанотүтікшелер негізіндегі материалдар);
- Микрочиптерді жобалау және верификациялау саласындағы ұлттық құзыреттерді дамыту, соның ішінде отандық микропроцессорларды жобалауға арналған Texer.AI шешімі.

Сонымен қатар, Назарбаев Университетінің Эндаумент қоры (Nazarbayev University Endowment Fund) технологияларды нарыққа шығаруды, өнеркәсіптік сынақтан өткізуді және пилоттық енгізуді жеделдетуге бағытталған коммерцияландыру бастамаларын қолдау үшін 1 млн АҚШ долларын бөлді. Осы механизм аясында Университет келесі инновациялық жобаларға гранттық және венчурлық қаржыландыру ұсынды:

- жасанды интеллект негізіндегі су тасқыны қаупін мониторингтеу жүйесі;
- фармацевтикалық өндіріс;
- ЖИ негізіндегі қозғалыс бұзылыстарын диагностикалау және оңалту технологиялары;
- APRIL – жасанды интеллект негізіндегі аутизмді емдеуге арналған роботтандырылған жүйе;
- көміртекті нанотүтікшелер негізіндегі озық материалдар өндірісі;
- Artisan Education – инженерия және робототехника бойынша білім беру платформасы;
- Texer.AI – жартылай өткізгіштерді жобалау мен верификациялауға арналған шешім.

Бірқатар жобалар коммерцияландыру және реттеуші органдардан рұқсат алу кезеңіне өтті. Astana Gait Exoskeleton оңалту экзоскелеті Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сараптау ұлттық орталығының медициналық бұйым ретінде тіркелуге мақұлдауын алды; түпкілікті тіркеу куәлігін рәсімдеу аяқталу сатысында. Екі жоба – Astana Gait Exoskeleton және ұзын сүйектердің сынуын автоматты түрде репозициялауға арналған робот – Ғылым қорының 2026-2028 жылдарға арналған коммерцияландыру гранттары конкурсына ұсынылды.


Қосымша жобалар серіктестікті дамыту және инфрақұрылымды кеңейту бағытында ілгеріледі. Донорлық жүректі сақтау және тасымалдау жүйесі жобасы қазіргі уақытта Астананың индустриялық аймағында өндірістік нысанның құрылысын жүргізуде. Ғылым және жоғары білім министрлігінің бағдарламалық-нысаналы қаржыландыруы (2024-2026) аясында іске асырылып жатқан отандық ісікке қарсы препаратты әзірлеу жобасы емдеудің қауіпсіздігі мен тиімділігін бағалау бойынша клиникалық сынақтардың екінші кезеңін сәтті аяқтады. Мышьяк триоксидін (АТО) өндіруді 2026 жылы Алматыдағы «Antigen» алаңында бастау жоспарлануда.

IHT Central Asia жобасы аясында медициналық технологиялардың отандық өндірісін дамытуда ілгерілеушілік бар. Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп «СК-Фармациямен» ұзақ мерзімді оффтейк-келісімшарттар жасасуға мүмкіндік беретін реттеуші механизмдер жасалуда. Arlan BioTech жобасы өнімнің халықаралық сынақтарын аяқтап, жоғары рейтингті халықаралық ғылыми журналда жарияланым дайындауда.
Білім беру технологиялары саласындағы бастамалар да ұлттық деңгейде дамыды. Codiplay және Artisan Education платформалары Қазақстанның тиісінше 283 және 96 мектебіне енгізілді.

Инженерия және цифрлық ғылымдар мектебінің профессоры Гүлнұр Калимулдина мен Азамат Ешмұхаметов негізін қалаған Mirai Tech DeepTech стартапы ғылыми зерттеулердің коммерциялық бағыттағы технологиялық шешімдерге трансформациялануының айқын мысалы болып табылады. Жоба қозғалыс кезінде электр энергиясын өндіруге қабілетті материалдарды зертханалық зерттеуден басталып, кейіннен спортшылардың биомеханикасын талдайтын және жарақат алу қаупін ерте сатыда анықтауға мүмкіндік беретін «ақылды» нано-ұлтарақтар технологиясына айналды.

Бұл әзірлеменің коммерциялық әлеуеті жоғары: қазіргі уақытта ол Қазақстанның футбол клубтарында сынақтан өтуде және қазірдің өзінде 90 000 АҚШ доллары көлемінде бастапқы инвестиция тартты. MiraiTech Қазақстанда DeepTech бағытын дамытып жатқан Назарбаев Университеті стартаптарының бірі болып табылады және университеттік зерттеулердің спорт индустриясы, денсаулық сақтау және тағылмалы технологиялар секторының қажеттіліктерімен сәтті интеграциялануын көрсетеді.

Жасанды интеллектті дамыту және елдің цифрлық егемендігін нығайту негізгі ұлттық басымдықтар болып қала береді. 2025 жылғы қазанда НУ технологиялық кластерінде құрылған Mirai Tech және Defect AI стартаптары Digital Bridge 2025 халықаралық форумында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа таныстырылды.



Әлеуметтік инновациялар және қоғамдық ықпал

Университет әлеуметтік инновациялардың катализаторы ретіндегі рөлін нығайтты. Университет қоғамдастығы іске асыратын әлеуметтік жобаларды қолдаудың кешенді жүйесі құрылды, бұл студенттер мен зерттеушілерге өзекті қоғамдық мәселелерді шешуге бағытталған шешімдерді әзірлеуге мүмкіндік береді. Есепті кезеңде 100-ден астам әлеуметтік стартап университеттің инкубациялық бағдарламасын аяқтады, ал 10 жоба 10 млн теңгеге дейін бастапқы (seed) қаржыландыру алды. Бұл бастамалар тамақ қалдықтарын азайту, қалалық орта үшін биоинновациялық шешімдерді дамыту және көру қабілеті бұзылған пайдаланушылар үшін қазақ тіліндегі қолжетімділік технологияларын жасау сияқты міндеттерді шешуге бағытталған.

Ғылыми және креативті инфрақұрылым

Жаңа технологияларды дамытуды және пәнаралық ынтымақтастықты қолдау мақсатында Университет өзінің инновациялық инфрақұрылымын кеңейтті. Индустриялық серіктестермен бірлесе отырып блокчейн технологиялар зертханасы құрылды, сондай-ақ «Blockchain and Cryptocurrencies» атты жаңа элективті курс әзірленді.
Ónergy пәнаралық инновациялық хабы да өз инфрақұрылымын кеңейтіп, қазіргі уақытта оның құрамына Food Lab, Bio Lab және Typography Lab кіреді. Бұл зерттеушілерге, дизайнерлер мен кәсіпкерлерге креативті идеяларды нақты прототиптер мен жобаларға айналдыру үшін эксперименттік алаңдар ұсынады.

Кампустық және қалалық инновациялық инфрақұрылымды дамыту

НУ университет, индустрия және қоғам арасындағы ынтымақтастық пен инновацияларға ықпал ететін физикалық инфрақұрылымды дамытуды жалғастыруда. Ауданы 12 000 м² болатын Ғылыми парктің (NU Science Park) алғашқы ғимаратының құрылысы басталды, оны 2026 жылы ашу жоспарланған. Бұл нысан зерттеушілер, кәсіпкерлер, инвесторлар мен студенттердің өзара әрекеттесу алаңына айналады.
Сонымен қатар, Университет NU Park жобасын – кампус пен қала үшін ортақ кеңістік ретінде ойластырылған, ауданы 45 гектар болатын жасыл инновациялық кластерді дамытуда. Парк аумағында өсімдіктер питомниктерін, эксперименттік зерттеу аймақтарын, сондай-ақ өнер мен инновацияларға арналған ашық кеңістіктерді құру жоспарлануда, бұл пәнаралық ынтымақтастық пен тұрақты қалалық дамуға ықпал етеді.

Медициналық инновациялар және зерттеу серіктестіктері

Медициналық технологияларды дамыту мақсатында Назарбаев Университетінің қоры Salamat Group компаниясымен бірлесіп, медициналық бұйымдарды әзірлеу бойынша жаңа ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық зертхананың құрылуын қолдады. Зертхана қазақстандық дәрігерлер мен зерттеушілерге прототиптер жасауға, сынақтар өткізуге және Қазақстанда әзірленген медициналық технологияларды нарыққа шығаруға мүмкіндік береді.

Технологиялық кәсіпкерлік

НУ сондай-ақ DeepTech (терең технологиялар) саласындағы кәсіпкерлікті дамытуды жалғастырды. Бірінші Deeptech Baige конкурсы аясында Game of Drones, Flection.AI, Granulo System және Hemo Lab сияқты инновациялық командалар 35 млн теңге көлеміндегі жүлде қорына ие болды.

Stanford StartX-пен жалғасып жатқан серіктестіктің арқасында стартаптарды акселерациялаудың халықаралық мүмкіндіктері де кеңейді. Есепті жылы Орталық Азиядан төрт стартап халықаралық акселераторға қосылып, қатысушы стартаптардың жалпы саны онға жетті, олардың қатарында НУ түлектері негізін қалаған бірнеше стартап та бар.



Жаһандық даму күн тәртібіне сәйкестік

Университет қызметінде Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарына (БҰҰ ТДМ) қол жеткізуге бағытталған үлеске ерекше назар аударылды. Оқытушылардың ғылыми зерттеулері мен Университеттің қоғамдық бастамалары ТДМ міндеттеріне мақсатты түрде сәйкестендірілген. Бұл қызмет Университет жұмысы нәтижелерінің тек жергілікті маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар олардың жаһандық күн тәртібіне сәйкестігін қамтамасыз етіп, тұрақты даму принциптерін енгізуге септігін тигізді.

Назарбаев Университеті білімді таратуға және жаһандық сын-қатерлердің шешімдерін әзірлеуге ықпал ететін ғылыми зерттеулер мен жарияланымдар арқылы ТДМ іске асыруды белсенді қолдайды. 2011 және 2025 жылдар аралығындағы Университеттің барлық жарияланымдарының 33,6%-ы Тұрақты даму мақсаттарының түрлі аспектілеріне арналған.

Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келетін зерттеулердің негізгі үш бағыты:

- 3-ТДМ – Жаксы денсаулық пен әл-ауқат: ең көп жарияланым саны – 1 286, бұл Университеттің медициналық зерттеулер мен қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы зерттеулерге басымдық беретінін көрсетеді.
- 7-ТДМ – Арзан және таза энергия: 963 жарияланым, бұл Университеттің энергетика секторына арналған технологиялар мен шешімдерді дамытуға қосқан үлесін айқындайды.
- 9-ТДМ – Индустрияландыру, инновациялар және инфрақұрылым: 584 жарияланым, бұл Университеттің өнеркәсіп пен технологиялық инновацияларды дамытуға бейілділігін паш етеді.

Әлеуетті және көшбасшылықты дамыту

Нормативтік және стратегиялық құжаттарды әзірлеуге тікелей қатысумен қатар, Университет елдің адам капиталын дамытуда маңызды рөл атқарды. НУ бүкіл Қазақстан бойынша университет басшылары мен әкімшілік персоналға арналған мамандандырылған оқу бағдарламаларын, тренингтер мен семинарларды іске асырды. Бұл бастамалар басқару, ғылыми зерттеулерді менеджменттеу және академиялық даму саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді таратуға, сол арқылы ұлттық жоғары білім беру жүйесінің институционалдық әлеуетін нығайтуға бағытталды.

Жоғары білім беру жүйесін реформалау жөніндегі өз миссиясына сәйкес, НУ білім беру сапасын арттыру, теңдік пен инклюзивтілік принциптерін ілгерілету, сондай-ақ Қазақстанның зерттеу және инновациялық экожүйесін нығайту мақсатында стейкхолдерлердің кең ауқымымен белсенді түрде өзара әрекеттеседі.

Іске асырылып жатқан бастамалар НУ-дың ұлттық басымдықтарға: адам капиталын дамытуға, білім беруді жаңғыртуға және қоғамның инновациялық дамуын ынталандыруға деген стратегиялық бейілділігін көрсетеді. Олар ғылыми әлеуетті дамыту, студенттердің әл-ауқаты, көшбасшылықты дамыту және тұрақты даму сияқты негізгі бағыттарды қамти отырып, ұлттық және халықаралық серіктестер арасындағы ынтымақтастықтың дамуына бірдей дәрежеде ықпал етеді.

Гендерлік теңдікті, STEM саласын және ғылыми озықтықты ілгерілету

НУ қызметі, әсіресе STEM саласында, инклюзивті және жаһандық деңгейде бәсекеге қабілетті академиялық қоғамдастықты қалыптастыруға ықпал етеді:

- STEM-дегі гендерлік теңдікті ілгерілету мәселелері бойынша панельдік пікірталас білім беру және ғылыми ортада тең жағдайлар жасау стратегияларын талқылау үшін университет қоғамдастығының өкілдерін біріктірді;
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде докторанттарға арналған ғылыми зерттеу әдістері бойынша академиялық сессиялар зерттеу дизайны мен методологиясы саласындағы озық дағдыларды дамыту мақсатында өткізілді;
- Өңірлік университеттерге арналған әдебиеттерге жүйелі шолу және библиометриялық талдау бойынша воркшоптар зерттеу әлеуетін дамытуға және жарияланымдық белсенділікті арттыруға бағытталды.

Бұл бастамалар оқыту сапасын көтеруді, пәнаралық зерттеулерді дамытуды және қазақстандық университеттердің жаһандық бәсекеге қабілеттілігін нығайтуды қоса алғанда, жоғары білім беру реформасының мақсаттарына тікелей септігін тигізеді.

Балалар мен жастардың әл-ауқаты және позитивті бейбітшілік саласындағы білім беру

НУ мектептер мен университеттерде әл-ауқат пен әлеуметтік-эмоционалдық оқытуды нығайта отырып, кешенді білім беру мен жастарды дамыту принциптерін белсенді ілгерілетті:

- Балалар мен жастардың әл-ауқаты мәселелері бойынша ғылыми-әдістемелік семинарлар мен ұлттық дөңгелек үстел жастарды дамытудың деректер мен зерттеулерге негізделген тәсілдерін талқылау үшін академиялық қоғамдастық пен мемлекеттік орган өкілдерінің басын қосты;

- Positive Peace Education бастамасы ұлттық вебинарлар, семинарлар мен презентациялар арқылы бүкіл Қазақстанның педагогтарын, студенттер мен мектеп басшыларын қамтыды. Бастама Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясымен және Ustaz Alliance қоғамдастығымен серіктестікте жүзеге асырылды;
- Оқу-ағарту министрлігімен және Қосымша білім беру және әл-ауқат институтымен бірлесіп ұйымдастырылған ерте жастағы балалардың әл-ауқаты мәселелері бойынша воркшоптар саясатты әзірлеушілер, практиктер мен білім беру ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік берді.
- Педагогтар мен білім беру мекемелерін білім алушылардың әл-ауқаты мен әлеуметтік дамуын арттыруға арналған құралдармен қамтамасыз ете отырып, бұл бастамалар Қазақстандағы білім беру практикасын жаңғыртуға және инклюзивті, білім алушыға бағытталған ортаны ілгерілетуге үлес қосады.



Өңірлік университеттерді нығайту және әлеуетті дамыту

НУ жоғары білім беру жүйесіндегі институционалдық әлеуетті арттыруда, көшбасшылық пен инновацияларды дамытуда негізгі рөл атқарады. Бұл бағытта келесі жобаларға қатысты:

- British Council Kazakhstan және QAA-мен бірлесіп іске асырылған Strengthening Regional Universities жобасы өңірлік университеттердегі басқару сапасын, ғылыми өнімділікті және оқыту деңгейін арттыруға септігін тигізді;
- НУ іске асырған көшбасшылықты дамыту бағдарламалары өңірлік университеттердің басшылары мен әкімшілік персоналына бағытталды. Бұл бағдарламаларға UNESCO-TEC және Shanghai Normal University қатысуымен халықаралық модульдер енгізілді. Олар инновациялар, жасанды интеллектіні енгізу және университеттердің тұрақты дамуы саласындағы білімді жетілдіруге мүмкіндік беріп, 270-тен астам басшыны, оқытушы мен әкімшіні қамтыды;
- Докторанттарға арналған University Bridge вебинарлар сериясы 18 университеттің басын қосып, докторанттар мен жас зерттеушілерге жоғары сапалы ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын дамытуға қолдау көрсетті.

Бұл бастамалар академиялық басқаруды жетілдіру, пәнаралық зерттеулерді дамыту және білім беру бағдарламаларын ұлттық даму басымдықтарына сәйкестендіру арқылы өңірлік жоғары оқу орындарын нығайтуға және жүйелі реформаларды қолдауға ықпал етеді.

Экологиялық тұрақтылық, денсаулық сақтау және қолданбалы кәсіби даму

НУ-дың қоғам дамуына қосқан үлесі кәсіби даярлық пен қолданбалы зерттеулерге, әсіресе денсаулық сақтау және тұрақты даму салаларына да таралған:

- Денсаулық сақтаудағы экологиялық тұрақтылық бойынша онлайн-курстың әзірленуі мен өткізілуі 102 медицина қызметкері мен студентті қамтып, ғылыми деректерге негізделген тұрақты даму практикаларын енгізуге жағдай жасады;
- Медициналық университеттердің қызметкерлеріне арналған нысаналы кәсіби даму бағдарламалары 160-тан астам академиялық және әкімшілік персоналды қамтып, институционалдық әлеует пен кадрлардың дайындық деңгейін арттыруға көмектесті.

Тұрақты даму принциптері мен қолданбалы дағдыларды білім беру және кәсіби бағдарламаларға біріктіру инновациялар, қоғамдық денсаулық сақтау және экологиялық жауапты даму саласындағы ұлттық мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді.


Ұлттық өзара іс-қимыл және стейкхолдерлерді кеңінен қамту

НУ бүкіл білім беру экожүйесін нығайту мақсатында ұлттық деңгейдегі өзара іс-қимылды кеңейтуге басымдық береді:

- Астана қаласы мен Ақмола облысындағы өңірлік педагогикалық конференцияларға қатысу 300-ге жуық мұғалім мен мектеп директорларын қамтуға мүмкіндік берді. Бұл шара оқыту, көшбасшылық және оқу бағдарламаларын әзірлеу саласындағы үздік тәжірибелермен алмасуды қамтамасыз етті;
- Жоғары және орта білім беру саласындағы кәсіби даму және білім беру іс-қимыл бағдарламалары 1 000-нан астам қатысушыны қамтыды. Бұл үздіксіз білім алуды, әлеуметтік инклюзияны және сапалы білімге тең қолжетімділікті ілгерілетуге септігін тигізді.

Бұл бағдарламалар НУ-дың жоғары білім беру жүйесін реформалауға деген бейілділігімен тікелей байланысты және Қазақстанның білім беру жүйесін жаңғыртуға, білім беру мекемелерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сондай-ақ елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосуға бағытталған.





Мониторинг нәтижелері

Қаржылық мониторинг

10-кесте. Кірістер

Санат	Бюджет (мың. теңге)	Жедел деректер (мың теңге)	Ауытқу (%)
ЖИЫНТЫҚ КІРІСТЕР	**87 791 684**	**87 041 490**	-1%
МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫ	36 064 094	35 503 098	-2%
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ҚАРЖЫЛАНДЫРУ, СОНЫҢ ІШІНДЕ:	13 134 728	13 891 028	6%
• *Республикалық бюджет қаражаты есебінен*	*4 096 134*	*5 583 263*	*36%*
• *басқа көздер есебінен*	*9 038 594*	*8 307 765*	*-8%*
НЫСАНАЛЫ САЛЫМ	392 247	371 592	-2%
БЮДЖЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАР	.	.	.
БАСҚА ДА КІРІСТЕР	38 200 615	37 275 772	-2%

2025 жылдың қорытындысы бойынша университеттің жалпы кіріс көлемі 87 041 490 мың теңгені құрады, бұл жоспарланған көрсеткіштердің 99%-ына сәйкес келеді. Жедел нақты көрсеткіштердің бекітілген бюджеттен ауытқуы шамалы және есепті кезең ішінде кірістердің жекелеген баптарын түзетуге байланысты болды.

Кірістердің ең көп үлесін университеттің негізгі білім беру қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ететін **мемлекеттік білім беру тапсырысы (бұдан әрі – МБТ)** құрайды. МБТ бойынша жоспарланған сома мен нақты орындалу арасындағы ауытқу есепті кезең ішінде білім алушылардың нақты контингентін нақтылаумен, оның ішінде контингенттің табиғи қозғалысы (оқудан шығару, академиялық демалыстар) салдарынан болды, бұл білім беру қызметтерін қаржыландыру көлеміне әсер етті.

Екінші маңызды дереккөз ғылыми-зерттеу қызметін қаржыландыру болып табылады, ол бойынша жоспарлы көрсеткіштердің асыра орындалуы (+6%) байқалады, бұл ғылыми жобалар көлемінің артуын және қосымша қаржыландыру көздерін тартуды айғақтайды.

Кірістердің қомақты бөлігін университеттің басқа да түсімдері, соның ішінде демеушілік қаражаттар (негізінен эндаумент-қорынан), ақылы білім беру қызметтері, сыртқы зерттеу жобалары және серіктестік бағдарламалары құрайды.

Тұтастай алғанда, кірістер құрылымы университеттің қаржылық қызметінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін әртараптандырылған қаржыландыру моделімен сипатталады.



Бюджеттік қаржыландыруды көрсету ерекшеліктері

Есепті кезеңдегі бюджеттік қаржыландырудың негізгі көздері келесі бюджеттік бағдарламалар болды:

- мемлекеттік білім беру тапсырысы (204 бюджеттік бағдарламасы);
- ғылымды бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру (217 бюджеттік бағдарламасы);
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі желісі бойынша «University Medical Center» (UMC) корпоративтік қорының медициналық клиникаларына арналған басқару технологияларының трансфертіне нысаналы салым (024 бюджеттік бағдарламасы).

Аталған қаражаттар университеттің қаржылық есептілігінде олардың экономикалық мазмұны мен бухгалтерлік есепке алу тәртібінің ерекшеліктерін ескере отырып көрсетіледі, бұл бюджеттік бағдарламалардың орындалу көрсеткіштері мен университеттің қаржылық есептілік деректері арасындағы айырмашылықтарға әкелуі мүмкін.

1. 204-бюджеттік бағдарлама

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 204 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасының орындалуы бойынша есептік деректерге сәйкес, «Назарбаев Университеті» ДБҰ қызметіне байланысты 102-кіші бағдарлама бойынша 2025 жылы нақты игеру 43 261 510 мың теңгені немесе орындалудың 98,7%-ын құрады.

Аталған қаржыландыру құрылымына мыналар кіреді:

1. оқыту шығындары – 35 504 396 мың теңге; 1 296 мың теңге көлеміндегі айырмашылық 2024 жылғы 29 ақпандағы №341 Шартқа сәйкес қаражатты бюджетке қайтаруға байланысты туындады.
2. зерттеу университетін дамыту бағдарламасын қаржыландыру (1,05 коэффициенті) – 1 775 220 мың теңге;
3. білім алушыларды стипендиямен қамтамасыз ету – 5 823 985 мың теңге;
4. білім алушылардың жеңілдікпен жол жүруін өтеу – 157 909 мың теңге.

Бұл ретте стипендия төлеуге және жеңілдікпен жол жүруді өтеуге арналған қаражат білім алушылардың банктік шоттарына аударылады, соған байланысты аталған төлемдер университеттің қаржылық есептілігінде кіріс ретінде көрсетілмейді.

Нәтижесінде, Министрліктің есептілігінде көрсетілетін республикалық бюджеттен қаржыландырудың жиынтық көлемі университеттің кірістерінде ескерілетін бюджеттік қаражат көлемінен асып түседі. Бұл айырмашылық бюджет қаражатын есепке алу әдіснамасының ерекшеліктеріне байланысты және бюджеттік бағдарламаның нақты орындалуына әсер етпейді.

---

2. 024-бюджеттік бағдарлама

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 024 «Назарбаев Университеті» ДБҰ-ға нысаналы салым» бюджеттік бағдарламасының орындалуы бойынша есептік деректерге сәйкес, 2025 жылы нақты игеру 371 592 мың теңгені немесе орындалудың 95%-ын құрады.

Жоспарлы көрсеткіштен ауытқу АҚШ мамандарын тарта отырып өткізу жоспарланған «Балалардағы жыныстық дифференциация бұзылыстарын реконструктивті-хирургиялық түзету» атты шеберлік класының орнына Ресей Федерациясынан маманды тарта отырып өткізілген «Амплитудалық-интеграцияланған электроэнцефалография» шеберлік класымен алмастырылуына байланысты үнемдеуге, сондай-ақ менторлық бағыттардың өзгеруі — бұрын жоспарланған Германия мен Финляндия мамандарының орнына Үндістан және Украина мамандарын тарту есебінен болған үнемдеуге байланысты қалыптасты.

Нысаналы салымның бағдарлама бойынша үнемдеу нәтижесінде қалыптасқан пайдаланылмаған қаражаты «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» және «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес кейінгі кезеңдерге ауыстырылады.

3. 217-бюджеттік бағдарлама

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасының орындалуы бойынша есептік деректерге сәйкес 2025 жылы нақты игеру 3 808 044 мың теңгені немесе орындалудың 166%-ын құрады.

Жоспарлы көрсеткіштерден асып түсу өткізілген конкурстық процедуралардың қорытындысы бойынша ғылыми жобаларды іске асыруға қосымша шарттар жасасумен және қосымша гранттық қаржыландыру тартумен байланысты.

Университеттің қаржылық есептілігінде ғылыми гранттар бойынша операцияларды көрсету ерекшелігін атап өткен жөн. Гранттық қаржыландыру бойынша кірістер есепті кезеңде толық көлемде танылады, сонымен бірге ғылыми жобаларды іске асыру бойынша операциялық шығыстар да ағымдағы шығыстар құрамында көрсетіледі.

Сонымен қатар, гранттық қаржыландыру қаражатының бір бөлігі ғылыми жабдықтарды сатып алуға бағытталады, ол бухгалтерлік есеп талаптарына сәйкес инвестициялар (күрделі салымдар) құрамында көрсетіледі және негізгі құралдар ретінде есепке алынады. Тиісінше, мұндай активтер бойынша шығыстар кейінгі есепті кезеңдерде амортизация есептеу арқылы біртіндеп танылады.

Нәтижесінде есепті кезеңде ғылыми жобалар бойынша кірістердің шығыстардан уақытша асып түсуі қалыптасуы мүмкін, ол есептік сипатқа ие және сатып алынған жабдықтың амортизациясы есептелуіне қарай кейінгі кезеңдерде теңестірілетін болады.

11-кесте. Шығыстар

Санат	Бюджет (мың. теңге)	Жедел деректер (мың теңге)	Ауытқу (%)
ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫСТАР	**86 933 172**	**84 862 897**	**-2%**
АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ	44 324 286	43 382 242	-2%
ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІ	8 496 688	8 336 393	-2%
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР МЕН МАРКЕТИНГТІК ШЫҒЫСТАР	9 914 944	8 648 199	-13%
НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР МЕН КӨРІНБЕЙТІН АКТИВТЕРДІҢ АМОРТИЗАЦИЯСЫ	15 296 769	13 113 379	-14%
БАСҚА ДА ШЫҒЫСТАР (СОНЫҢ ІШІНДЕ НЕГІЗГІ ЕМЕС ҚЫЗМЕТ)	**8 900 485**	**11 382 683**	**28%**

2025 жылдың қорытындысы бойынша университеттің жедел шығыстарының жалпы көлемі **84 862 897 мың теңгені** құрады, бұл **жоспарланған көрсеткіштердің 98%-ына** сәйкес келеді. Бұл көрсеткішке ішкі процестерді қайта қарау және басымдығы төмен шығыс бағыттарын қысқарту арқылы қол жеткізілді.

Шығыстардың қомақты бөлігі **академиялық қызметке** – студенттердің оқуын ұйымдастыруға бағытталған және 43 382 242 мың теңгені құрады. 2025 жылдың қорытындысы бойынша шығыстарды үнемдеу 2%-ды құрады.

Ғылыми-зерттеу қызметі шеңберіндегі шығыстардың орындалу деңгейі 8 336 393 мың теңгеге тең, бұл жоспарланған деңгейден 2%-ға төмен. Ғылыми-зерттеу қызметі шеңберіндегі шығыстар ғылыми жобалардың операциялық шығыстарын көрсетеді.

Жалпы және әкімшілік шығыстар мен маркетингтік шығыстар жоспарланғаннан 13%-ға төмен болып, 8 648 199 мың теңгені құрады. Бұл үнемдеуге операциялық шығыстарға қатаң мониторинг жүргізу арқылы қол жеткізілді.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы Университеттің есеп саясатына сәйкес, нысаналы салым қаражаты мен басқа да қаражаттар есебінен сатып алынған жабдықтар бойынша амортизациялық шығындардың нақты есептелуін көрсетеді. Бұл негізінен кейбір жабдықтар бойынша амортизациялық есептеулер кезеңінің аяқталуына байланысты болды.

Басқа да шығыстар академиялық және ғылыми қызметке көмекші бөлімшелердің шығыстарын, сондай-ақ еншілес ұйымдарды қаржыландыру мен бухгалтерлік жазбаларды қамтиды. Мәселен, басқа да шығыстар құрамында 2025 жылдың қорытындысы бойынша 1 182 326 мың теңге мөлшеріндегі теріс бағамдық айырма және 1 млрд теңге мөлшеріндегі ұзақ мерзімді активтердің жинақталған амортизациясы сомасына активтердің құнсыздануы көрсетілген.

Жоғарыда аталған факторлар басқа да шығыстардың жоспардан 28%-ға артық орындалуының негізгі себептері болып табылады.


12-кесте. Күрделі салымдар

САНАТ	Бюджет (мың. теңге)	Жедел деректер (мың. теңге)	Ауытқу (%)
КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР БОЙЫНША ЖИЫНЫ (ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БЮДЖЕТ)	**6 831 752**	**5 308 127**	**-22%**
ҚҰРЫЛЫС, ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТУ, КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ	2 192 880	1 607 774	-27
МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАНДЫРУ	4 638 872	3 700 353	-20

2025 жылдың қорытындысы бойынша инвестициялық бюджеттің орындалу бөлігіндегі ауытқу 22%-ды немесе 1 523 625 мың теңгені құрады. Бұл негізінен 2024 жылы құрылыс жұмыстарының бір бөлігінің мерзімінен бұрын орындалуымен, орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстары көлемінің азаюы есебінен үнемдеумен, өтпелі жобалармен және IT-жабдықтар мен ғылыми жабдықтарды сатып алу мен жеткізудің келесі кезеңге ауыстырылуымен байланысты.

Айта кету керек, 2025 жылы ғылымды бағдарламалық-нысаналы және гранттық қаржыландыру бойынша Республикалық бюджеттен (РБ) алынған кірістер шеңберінде 786 434 мың теңге сомасына ғылыми жабдықтар сатып алынды.

20-сурет. Шоғырландырылған қаржылық ағын (нақты және бюджеттің орындалуы)





Операциялық мониторинг

Іс-шаралар

2024-2025 оқу жылында Назарбаев Университеті халықаралық конференциялардың, воркшоптардың және сарапшылық форумдардың кең ауқымын өткізді. Бұл іс-шаралар энергетика, биомедицина, гуманитарлық ғылымдар, мемлекеттік саясат және тұрақты даму сияқты негізгі бағыттарды қамтып, зерттеушілер, мемлекеттік органдар мен индустрия өкілдерінің өзара іс-қимылы үшін платформа жасады.

Ғылыми-технологиялық инновацияларды дамыту

Іс-шаралардың едәуір бөлігі STEM-бағыттарын дамытуға арналды. Наноматериалдар және энергия сақтаудың озық жүйелері бойынша 13-ші халықаралық конференция (INESS 2025), сондай-ақ тұрақты энергетикаға арналған материалдар бойынша «Белдеу мен жол» бастамасы аясындағы конференция НУ-дың Қазақстанның стратегиялық басымдығы болып табылатын энергетика саласындағы жетекші зерттеу орталықтарының бірі ретіндегі позициясын нығайтты.

Сонымен қатар, жасанды интеллект пен өмір туралы ғылымдарды біріктіру маңызды тақырыпқа айналды, бұл наноэнзимдер бойынша халықаралық конференцияда және биомедицинада ЖИ қолдану бойынша «Белдеу мен жол» сарапшылық форумында көрініс тапты. Shanghai Jiao Tong University-мен бірлесіп ұйымдастырылған бұл форум Университеттің халықаралық серіктестігінің кеңеюін және оның машиналық оқыту мен медициналық технологиялар саласындағы инновацияларды дамытудағы әлеуетін айқындады.

Денсаулық сақтау мен биомедицинаны дамыту

Университет денсаулық сақтау саласындағы өңірлік және жаһандық сын-қатерлерге арналған мамандандырылған форумдар өткізу арқылы медицина ғылымының дамуына елеулі үлес қосты. Life Sciences Today 2025 конференциясы мен Нейроғылым және неврология бойынша бірінші халықаралық конференция биомедицина мен ми саулығы саласындағы озық зерттеулерді талқылау алаңына айналды. Сонымен қатар, Transforming Diabetes Care және Planetary Health and Sustainable Healthcare конференциялары прецизионды медицина тәсілдері мен денсаулық сақтаудағы жүйелі реформаларды біріктіре отырып, қоғамдық денсаулық сақтаудың өзекті міндеттерін шешуге бағытталды.

Саясаттану, гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдарды дамыту

Орталық Азиядағы және одан тыс жерлердегі күрделі әлеуметтік-саяси процестерді талдау мақсатында НУ гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар саласында бірқатар маңызды іс-шаралар өткізді. Central Asian Economics Association кездесуі мен GSPP-тің 9-шы жылдық конференциясы мемлекеттік саясат және экономикалық даму мәселелерін талқылауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, Towards New Transnational/Transimperial Histories of Central Asia, Religious Traditions and Global Ethics және Voices at the Margins конференциялары мәдени мұра, еңбек және гендерлік зерттеулер мәселелері бойынша академиялық дискурсты байыта түсті. Бұл іс-шаралар Университеттің жаһандық этикалық күн тәртібіне қосыла отырып, өңірлік тарихты сақтауға деген бейілділігін айқындады.

Өңірдің тұрақты дамуын ілгерілету және жастарды дамыту

Ұлттық даму басымдықтарына сәйкес өткізілген Central Asia Water Conference 2025 конференциясы су қауіпсіздігінің аса маңызды мәселелерін шешу үшін сарапшылардың басын қосты. Болашақ ұрпаққа ерекше назар аудару Empowering Innovation: Nurturing Kazakhstan's Next-Gen Researchers және Student Experience Conference іс-шаралары аясында көрініс тапты, бұл зерттеу әлеуетін дамыту мен студенттердің белсенділігін арттырудың маңыздылығын көрсетті.

Инфрақұрылым және құрылыс

Негізгі жобалар мыналарды қамтыды:

- Ғылыми парк (Science Park): ауданы 12 000 м² болатын Ғылыми парктің алғашқы ғимаратының құрылысы басталды, оны аяқтау 2026 жылға жоспарланған.
- NU Park: Өсімдік питомниктері мен тәжірибелік зерттеу аймақтары бар, ауданы 45 гектарды құрайтын жасыл инновациялық кластерді дамыту.
- Озық зерттеу орталықтары: Биомедициналық зерттеулер орталығының іске қосылуы және Жаңа материалдар және энергетикалық технологиялар институтының (INETM) құрылуы.
- Инновациялық зертханалар: Блокчейн-технологиялар зертханасының ашылуы және құрамына енді Food Lab, Bio Lab және Typography Lab кіретін Ónergy хабының кеңеюі.
- Медициналық өндіріс: Астана қаласының индустриялық аймағында донорлық жүректі сақтау және тасымалдау жүйесіне арналған өндірістік нысанның құрылысы.




Тәуекелдер мен проблемалар

Институционалдық тәуекелдерді бағалау Университеттің ұзақ мерзімді тиімділігіне әсер етуі мүмкін бірқатар стратегиялық, операциялық және академиялық сын-қатерлерді анықтады. Мұндай сын-қатерлердің қатарына қаржылық тұрақтылық, жоғары білікті оқытушыларды тарту және тұрақтандыру, операциялық тиімділік, Университет беделі, зерттеу инфрақұрылымы мен ресурстар, студенттерді тарту және олардың әл-ауқаты, бәсекелестіктің күшеюі, сондай-ақ аккредиттеу талаптарына сәйкестік жатады. Аталған тәуекелдер олардың әсер ету деңгейі мен пайда болу ықтималдығы тұрғысынан бағаланды және кірістерді әртараптандыру, оқытушылар құрамының тұрақтылығы, студенттердің қанағаттанушылығы, халықаралық рейтингтердегі орын, ғылыми қаржыландыру көлемі және аккредиттеудегі ілгерілеу сияқты негізгі тәуекел индикаторлары арқылы тұрақты мониторингте болады.

Осы сын-қатерлерге жауап беру мақсатында Университет институционалдық тұрақтылық пен тиімділікті нығайтуға бағытталған тәуекелдерді азайту бойынша нысаналы шараларды әзірледі. Бұл шаралар оларды үнемі жетілдіріп отыру үшін Тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырыстарында Қаржылық тәуекелдер кірістерді әртараптандыру, шығындарды оңтайландыру және эндаумент-фондын дамыту жөніндегі бастамалар есебінен барынша азайтылады. Адами капиталға байланысты тәуекелдер бәсекеге қабілетті сыйақы деңгейін қамтамасыз ету, таланттарды тартудың жаһандық бастамаларын іске асыру, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамының ғылыми қызметін қолдауды күшейту арқылы төмендетіледі. Операциялық сын-қатерлер бизнес-процестерді жетілдіру және тиімді кері байланыс механизмдерін енгізу арқылы шешіледі. Репутациялық және рейтингтерге байланысты тәуекелдер БАҚ-пен стратегиялық өзара іс-қимыл, рейтингтерге әсер ететін көрсеткіштерді бақылау және халықаралық академиялық серіктестікті дамыту арқылы азайтылады. Зерттеу әлеуетіне қатысты тәуекелдер инфрақұрылымға инвестиция салу, зерттеу қуаттарын пайдалану тиімділігін арттыру, сондай-ақ технологиялар трансферті мен коммерцияландыру бағдарламаларын дамыту есебінен жойылады.

Бұған қоса, студенттерге қатысты тәуекелдер талапкердерді тарту бойынша нысаналы науқандар, стипендиялық бағдарламаларды іске асыру, менталды денсаулық саласындағы қызметтерді кеңейту, сондай-ақ студенттердің қанағаттану деңгейін арттыру және оларды сақтап қалу бастамалары арқылы азайтылады. Аккредиттеуге байланысты тәуекелдер аккредиттеу бойынша мақсатты жұмыстар, құжаттаманы орталықтандырылған түрде жүргізу және сыртқы бағалау алдында талаптарға сәйкестікке ішкі бағалау жүргізу арқылы басқарылады.

Жиынтықтап айтқанда, бұл шаралар институционалдық тәуекелдерді азайтудың жүйелі тәсілін қалыптастырады, сонымен бірге тұрақты дамуды, академиялық және ғылыми озықтықты, сондай-ақ барлық мүдделі тараптар үшін нәтижелерді жақсартуды қамтамасыз етеді.



Негізгі тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу барысын бағалау

Нысаналы индикаторлар бойынша жиынтық ақпарат

13-кесте. Нысаналы индикаторлар бойынша жиынтық ақпарат

Көрсеткіш	Мақсаттар 2024/2025	Жетістіктер	Деректер
Студенттер саны	Foundation: 500 Бакалавриат:5200 Магистратура: 1900 Ph. D.: 450 **Жиыны: 8050**	Foundation: 669 Бакалавриат:5216 Магистратура: 15323* Ph. D.: 514 **Жиыны: 7931**	Data Digest 2025-2026
Зерттеулер	**Дәйексөз Индексі: >1.6**	**Дәйексөз Индексі: 2.26**	Зерттеу саясаты және талдау офисі
Зерттеулерге арналған бюджет: қаржыландыру көздері (% мемлекеттік қаржыландыру)	**80%-дан аспайды**	**58%**	Топтың экономикалық жоспарлау департаменті
Аккредиттеу	**Бағдарламалық**	**10 Бағдарлама**	Стратегия және іске асыру офисі
Жаһандық рейтинг	**осы кезеңде қатыспайды**	**401-500**	THE World University Ranking 2026
Инновациялар мен коммерцияландыру	**Толық функционалды экожүйе; НУ-дың коммерцияландыруды қолдау жүйесін тестілеу және дамыту**	Университеттің негізгі инновациялық инфрақұрылымы – Ғылыми парктің құрылысы 2025 жылы басталды және оны іске қосу 2026 жылға жоспарланған. Коммерцияландыруды қолдау жүйелері мен бағдарламалары толық көлемде жұмыс істеп тұр (толығырақ мәліметтер жоғарыда келтірілген)	Astana Business Campus
ОПҚ (Саны)	**620**	**517** Профессор-оқытушылар құрамының саны студенттердің нақты контингентін ескере отырып түзетілгеннен кейін нысаналы көрсеткіштен төмен, сондай-ақ операциялық тиімділікті арттыруға бағытталған оңтайландыру жүргізілді.	Data Digest 2025-2026
Студенттер: Интернационалдандыру	**Интернационалдандыру** Бакалавриат: 5% Магистратура и PhD: 20% **Жиыны: 9-10%**	Бакалавриат: 1,2% Магистратура и PhD: 12** % **Жиыны: 4,1%** Университет шетелдік студенттер санын арттыру бағытында белсенді жұмыс жүргізуде – олардың үлесі 2023 жылғы 2,9%-дан 2025 жылы 4,1%- ға дейін өсті.	Data Digest 2025-2026

** Магистратура студенттерін, Медицина докторы және резидентура бағдарламаларын қамтиды*
*** Магистратура студенттерін, Медицина докторы және PhD бағдарламаларын қамтиды*

Сапалық талдау

21-сурет. Нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу



2025 жылы Назарбаев Университеті оқыту, ғылыми зерттеулер және инновациялар саласындағы өзінің стратегиялық басымдықтарын іске асыруды жалғастырып, сонымен бірге халықаралық танымалдылығы мен беделін нығайтты.

Университеттің студенттер контингенті өткен жылғы 7 052-ден оқытудың барлық деңгейлері бойынша 7 931 студентке дейін ұлғайды, оның ішінде 669 Foundation студенті, 5216 бакалавр, 1532 магистрант, 514 PhD докторанты. Білім алушылардың жалпы саны өткен жылмен салыстырғанда 400-ден астам студентке өсуі НУ-дың сапалы бакалавриатты да, зерттеуге бағытталған магистратура мен докторантура бағдарламаларын да дамытуға бейілділігін көрсетеді. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ғылыми әлеуетті дамытудың және Университеттің жаңа білімді қалыптастыру жөніндегі миссиясының негізгі драйвері болып
қала береді.

Интернационалдандыру көрсеткіштері біртіндеп өсуде: шетелдік студенттердің үлесі 2024 жылғы 3,6%-дан есепті кезеңде 4,1%-ға дейін өсті. Оң динамикаға қарамастан, интернационалдандырудың жалпы көрсеткіші 9-10% нысаналы деңгейінен төмен болып қалып отыр, бұл халықаралық қабылдауды одан әрі кеңейту қажеттілігін көрсетеді.

НУ-дың ғылыми қызметі тұрақты және маңызды жаһандық ықпалын көрсетуді жалғастырды. Университет дәйексөз алу көрсеткішін (FWCI) 2024 жылғы 1,98-ден 2,26-ға (2026 жылғы 3 ақпандағы жағдай бойынша) дейін ұлғайтып, 1,6 нысаналы мәнінен айтарлықтай асты. Бұл НУ жарияланымдарына әлемдік орташа деңгеймен салыстырғанда екі еседен астам жиі дәйексөз келтірілетінін дәлелдейді және ғылыми зерттеулердің халықаралық танымалдылығының, сапасы мен ықпалының артқанын көрсетеді. Бұған қоса, Университет білім беру сапасын қамтамасыз ету жүйесін кеңейтіп, аккредиттелген бағдарламалар санын 2024 жылғы 6-дан ағымдағы есепті кезеңде 10-ға дейін арттырды.

Инновациялар мен коммерцияландыру экожүйесін дамытуда айтарлықтай ілгерілеушілікке қол жеткізілді. Есепті кезеңде НУ жоспарлау кезеңінен белсенді іске асыру кезеңіне өтіп, коммерцияландыруды қолдау жүйесін күшейтті және ғылыми зерттеулер нәтижелерін практикалық шешімдер мен нарыққа бағдарланған технологияларға трансформациялау мүмкіндіктерін кеңейтті, сондай-ақ индустриямен ынтымақтастықты нығайтты.

Оқытушы-профессорлар құрамын дамыту маңызды институционалдық басымдық болып қала береді. 2025 жылы Университетте 620 жоспарлы көрсеткіш кезінде 517 оқытушы жұмыс істеді (2024 жылғы 522-мен салыстырғанда). Кадрларды тарту жөніндегі күш-жігер Университеттің стратегиялық академиялық және зерттеу басымдықтарын ескере отырып, жоғары білікті халықаралық мамандарды тартуға бағытталуын жалғастыруда.



- Адамдар, мәдениет және әртүрлілік

НУ қызметкерлердің дамуына ықпал ететін ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастырады, сондай-ақ оқытушы-профессорлар құрамы мен академиялық басшылық арасында әйелдер мен Қазақстан азаматтарының өкілдігін арттырады.

- Тұрақтылық және қаржылық тұрақтылық

Университеттің ұзақ мерзімді тұрақтылығы қаржылық тұрақтылық, шығындарды оңтайландыру және әлеуметтік-экономикалық және экологиялық тұрақтылық принциптерін қызметтің барлық аспектілері мен білім беру бағдарламаларына интеграциялау есебінен қамтамасыз етіледі.

- Бедел және халықаралық өзара іс-қимыл

НУ стратегиялық коммуникациялар, серіктестіктер, бірлескен білім беру бағдарламалары, ғылыми ынтымақтастық және халықаралық ұтқырлықты дамыту арқылы өзінің ұлттық және халықаралық беделін нығайтады.

Ресурстарға қажеттілік

Назарбаев Университетінің 2026–2031 жылдарға арналған стратегиясын табысты іске асыру Университеттің стратегиялық басымдықтарына сәйкес келетін бірқатар негізгі бағыттар бойынша тұрақты және нысаналы инвестицияларды талап етеді. Жеткілікті ресурстармен қамтамасыз ету НУ-дың академиялық озықтығын нығайту, ғылыми әлеуетін кеңейту және Университеттің қоғамдық ықпалын күшейту үшін шешуші мәнге ие болады.

- Адами капитал және таланттарды дамыту

Жаңа стратегияның мақсаттарына қол жеткізудің негізгі шарты — жоғары білікті оқытушыларды, зерттеушілерді және кәсіби персоналды тартуға, дамытуға және тұрақтандыруға инвестиция салуды жалғастыру. Сонымен қатар, НУ көшбасшылықты дамытуға, педагогикалық практиканы және тану жүйесін жетілдіруге, кәсіби оқытуға, сондай-ақ қолдаушы ұйымдастырушылық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған бастамаларға инвестиция салады. Оқытушы-профессорлар құрамы мен академиялық басшылық арасында әйелдер мен Қазақстан азаматтарының өкілдігін арттыруға ерекше назар аударылады.

- Зерттеу инфрақұрылымы және ғылыми әлеует

Ғылыми озықтықты нығайту заманауи зертханалар мен ғылыми жабдықтарға инвестиция салуды талап етеді. Қосымша ресурстар докторантураны кеңейтуге, зерттеулерді бәсекеге қабілетті қаржыландырумен қамтамасыз етуге және халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға бағытталады.

- Академиялық бағдарламалар және студенттік тәжірибе

Академиялық бағдарламалардың жоғары сапасы мен инновациялылығын сақтап тұру оқу жоспарларын әзірлеуге, заманауи білім беру инфрақұрылымын, электрондық ресурстар мен студенттерді қолдау сервистерін дамытуға инвестиция салуды қажет етеді.

- Интернационалдандыру және жаһандық серіктестіктер

НУ-дың халықаралық қызметін кеңейту әлемнің жетекші университеттерімен стратегиялық серіктестікті дамытуға, бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруға және студенттер мен оқытушылардың халықаралық академиялық ұтқырлығын қамтамасыз етуге ресурстарды талап етеді. Халықаралық қабылдау мен ынтымақтастықты күшейту Университеттің беделі мен академиялық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін шешуші мәнге ие болады.

Тәуекелдер мен күтпеген жағдайлар

Университет жаңа стратегиялық кезеңге өткен сайын, оның барған сайын күрделі әрі серпінді ортада жұмыс істейтіні күтілуде. Бұл қаржылық тұрақтылыққа, адами капиталға, операциялық тиімділікке, беделге, академиялық және ғылыми нәтижелілікке, сондай-ақ студенттік тәжірибе сапасына байланысты бірқатар институционалдық тәуекелдердің сақталуымен қатар жүреді.


Қаржылық тәуекелдер, соның ішінде кірістердің ықтимал құбылмалылығы және қаржыландыру көздерін одан әрі әртараптандыру қажеттілігі өз өзектілігін сақтайды. Бұл сын-қатерлер жоғары білікті кадрлар үшін жалғасып жатқан бәсекелестікпен, сондай-ақ ішкі бизнес-процестердің тиімділігін арттыру қажеттілігімен күрделене түседі. Оларды азайту шаралары кірістерді әртараптандыруды кеңейтуге, процестерді оңтайландыру мен автоматтандыруға, сондай-ақ таланттарды басқарудың бәсекеге қабілетті стратегияларын іске асыруға шоғырландырылатын болады.

Репутациялық және академиялық тәуекелдер де, әсіресе Университеттің жаһандық позицияларын сақтап қалу мен нығайту және халықаралық рейтингтердегі өршіл мақсаттарға қол жеткізу контекстінде маңызды болып қала береді. Сонымен қатар, зерттеу инфрақұрылымының жеткіліктілігі мен жаңғыртылуы ғылыми зерттеулердің жоғары сапасы мен ықпалын қамтамасыз етудің негізгі факторы болып қала бермек. Бұл тәуекелдерді басқару үшін беделді проактивті басқару, ғылыми нәтижелілікті күшейту, стратегиялық серіктестіктерді дамыту және инфрақұрылымға тұрақты инвестицияларды қамтамасыз ету шаралары қолданылады.

Білім беру және коммерцияландыру саласында шетелдік студенттерді тартуға, білім беру инфрақұрылымының жоғары сапасын сақтауға және зерттеу нәтижелерін өлшенетін әлеуметтік-экономикалық тиімділікке трансформациялауға байланысты тәуекелдер сақталады. Жауап беру шаралары ретінде халықаралық қабылдаудың нысаналы стратегиялары, білім беру ортасын үнемі жаңғырту және индустриямен өзара іс-қимылды күшейту іске асырылады.

Сонымен қатар, студенттердің әл-ауқатына, таланттар үшін бәсекелестіктің күшеюіне және аккредиттеудің өзгермелі талаптарына байланысты тәуекелдер де тұрақты назар аударуды талап етеді. Университет студенттерді қолдау сервистерін кеңейту, жаһандық білім беру нарығында проактивті позициялану және аккредиттеу талаптарына сәйкестіктің тиімді комплаенс жүйелерін дамыту арқылы оларды басқаруды жалғастырады.

Жалпы алғанда, бұл тәуекелдерді басқару нысаналы стратегиялық бастамаларды іске асыру, негізгі қызмет көрсеткіштерінің мониторингін күшейту және Университеттің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен дамуын қамтамасыз етуге бағытталған тұрақты институционалдық жетілдіру арқылы жүзеге асырылатын болады.



Болашақ жоспарлар мен ұсыныстар

Стратегиялық басымдықтар

2026 жыл Назарбаев Университетінің 2026–2031 жылдарға арналған жаңа стратегиясын іске асырудың бастауы болады. Бұл стратегия жоғары білім беру саласындағы жаһандық трендтерді, ұлттық даму басымдықтарын және технологиялық өзгерістерді қоса алғанда, өзгермелі ішкі жағдайлар мен сыртқы факторларға жауап ретінде НУ басымдықтарын қайта қарауды ескере отырып әзірленді. Стратегиялық кезең ішінде Университет Қазақстан мен өңірдегі жетекші зерттеу университеті ретіндегі позициясын нығайта түседі, сонымен бірге өзінің жаһандық ықпалы мен қоғамдық үлесін кеңейтеді.

Университеттің одан арғы дамуы адами капиталды дамыту, басқару және тиімді әкімшілендіру, тұрақты даму, сондай-ақ бедел, интернационалдандыру және коммуникация саласындағы өтпелі басымдықтардың қолдауымен үш негізгі бағыт — академиялық озықтық, ғылыми озықтық және қоғамға ықпал ету шеңберінде жүзеге асырылады. Алдағы кезеңге арналған негізгі стратегиялық басымдықтарға мыналар жатады:

- Академиялық бағдарламалар және студенттік тәжірибе

НУ студенттерге академиялық дамуға, тұлғалық өсуге және табысты жұмысқа орналасуға ықпал ететін әлемдік деңгейдегі білім беруді қамтамасыз ете отырып, жоғары сапалы, икемді және инновациялық академиялық бағдарламалар портфелін ұсынатын болады.

- Ғылыми озықтық және зерттеу әлеуетін дамыту

Университет ғылыми мәдениетті, инфрақұрылымды және кадрлық әлеуетті нығайту, докторантураны кеңейту және ұлттық дамуға септігін тигізетін халықаралық деңгейдегі зерттеулерге назар аудару арқылы әлемдік деңгейдегі зерттеулерді дамытады.

- Қоғамдық ықпал және ұлттық трансформация

НУ білім беру, денсаулық сақтау, өнеркәсіп және мемлекеттік басқару салаларындағы трансформацияға жәрдемдесу үшін білім, ғылым және инновация әлеуетін пайдаланады, сондай-ақ кәсіпкерлік, қоғамдық өзара іс-қимыл және зерттеулерді коммерцияландыру арқылы ұлттық ықпалды күшейтеді.